

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1059 қаулысы «2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық министрлігіне Шығыс Қазақстан облысының Семей, Курчатов, Серебрянск қалаларында, Зырян ауданының Жаңа Бұқтырма, Глубокое ауданының Глубокое кенттерінде, Катон-Қарағай ауданының Үлкен Нарын ауылында белгіленген қуаты 100 Гкал-сағатқа дейінгі қазандықтарға нормативтік отын қорын сатып алуға Шығыс Қазақстан облысының әкімдігіне ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде аудару үшін 2014 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 549034000 (бес жүз қырық тоғыз миллион отыз төрт мың) теңге сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімі 2014 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы жөнінде есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер Министрі	К.Мәсімов
---	-----------